

Целиноград ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № А-3/152 "Целиноград ауданының ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 наурыздағы № А-2/55 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 наурызда № 4046 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № А-1/259 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 02.07.2015 № А-1/259 (қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Целиноград ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Целиноград ауданы әкімдігінің "Целиноград ауданының ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2012 жылғы 24 сәуірдегі № А-3/152 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 18 мамырда № 1-17-174 тіркелген, "Призыв" 2012 жылғы 8 маусымдағы № 23 газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

қаулының тақырыбы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Целиноград ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет

және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы"; қаулының 1-тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Целиноград ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын."

осы қаулының қосымшасының атауы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Целиноград ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.А.Тоқтамысовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б.Мауленов*